

Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ережені бекіту жөнінде

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасы 2000 жылғы 24 мамыр N 243 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2000 жылғы 7 шілде N 1180 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 173 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.04.28 № 173 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту: Қаулының атауы өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 129 қаулысымен .

Сақтандыру заңнамасын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі туралы ереже бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап 10 күн өткеннен кейін күшіне енгізілсін.

Ескерту: 1-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 129 қаулысымен .

2. Сақтандыруды қадағалау департаменті (Құрманов Ж.Б.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және олардың ерікті түрде қайта құрылуына және таратылуына рұқсат беру тәртібі туралы ережені Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны және Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және олардың ерікті түрде қайта құрылуына және таратылуына рұқсат беру тәртібі туралы ережені Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, облыстық

филиалдарына және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Г.А. Марченкоға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Ұ л т т ы қ

Б а н к і

Б а с қ а р м а с ы н ы ң

2 0 0 0

ж ы л ғ ы

2 4

м а м ы р д а ғ ы

№

2 4 3

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі туралы ереже

Ескерту: Тәртіптің атауы және кіріспесі өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 129 қаулысымен .

Осы Ереже Қазақстан Республикасында сақтандыру қызметін реттейтін нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес әзірленді және сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының (бұдан әрі - сақтандыру ұйымдары) құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібін белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Сақтандыру ұйымының құрылтай құжаттарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар оларды әділет органдарында тіркеуден өткізгенге дейін сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен (бұдан әрі - уәкілетті мемлекеттік орган) алдын ала міндетті түрде келісілуі тиіс.

2. **Тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 129 қаулысымен .**

2-тарау. Сақтандыру ұйымының құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге келісім беру тәртібі

3. Сақтандыру ұйымы құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге келісім беру үшін уәкілетті мемлекеттік органға мынадай құжаттарды ұ с ы н а д ы :

- 1) еркін нысанда жазылған өтініш;
- 2) сақтандыру ұйымының уәкілетті органының құрылтай құжаттарына

өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (Жарғыға немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес) шешімі;

3) сақтандыру ұйымының құрылтай құжаттарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың бұрынғы құрылтай құжатына қосымша түріндегі немесе жаңа редакциядағы құрылтай құжаты ретінде (мемлекеттік және орыс тілдерінде) ресімделген, нотариат куәландырған үш данасы. Құрылтай құжатқа өзгерістер мен толықтырулардың не жаңа редакциядағы құрылтай құжатының бірінші парағының жоғарғы сол жағында мынадай жазу болуы тиіс: "Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігімен келісілді. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі төрағасы (Төрағаның орынбасары) "___" _____".

Түзетіп не қосып жазылғаны, сызылған сөздер мен өзге де расталмаған түзетулері бар құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар қарауға қ а б ы л д а н б а й д ы .

Ескерту: 3-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 304 қаулысымен .

4. Сақтандыру ұйымының құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге келісім беру туралы мәселені уәкілетті мемлекеттік орган құжаттар толық ұсынылған күннен бастап бір айдың ішінде қарайды.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.07.15 № 111 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

5. Сақтандыру ұйымының құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулардың бір данасы сақтандыру ұйымының ісіне тігіледі және уәкілетті мемлекеттік органда сақталады. Қалған даналары мемлекеттік тіркеуден өткізу үшін өтініш берушіге қайтарылады.

6. Құрылтай құжаттарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың бірінші парағына уәкілетті мемлекеттік орган Төрағасы (Төрағаның орынбасары) қол қояды және уәкілетті мемлекеттік органның мөрімен бекітіледі.

Ескерту: 6-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 304 қаулысымен .

7. Мыналар сақтандыру ұйымының құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге келісім беруден бас тарту негіздемелері болып табылады:

1) енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың нәтижесінде кредиторлардың қ ұ қ ы ғ ы б ұ з ы л с а ;

2) ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

к е л м е с е ;

3) осы Ереженің 3-тармағында көзделген барлық құжаттар ұсынылмаса.

Уәкілетті мемлекеттік орган сақтандыру ұйымына бастарту себебінің негіздемелерін көрсете отырып, құрылтай құжатына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге келісім беруден бастарту жөнінде жазбаша хабарлайды.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.07.15 № 111 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

7-1. Құрылтай құжаттарына енгізілетін өзгерістер және/немесе толықтырулар, оның ішінде әділет органдарында қайта тіркеуден өткізуді талап етілетін өзгерістер және/немесе толықтырулар мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары он төрт жұмыс күні ішінде уәкілетті органға әділет органында тіркелген белгісімен және мөрімен құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістердің және/немесе толықтырулардың нотариатта куәландырылған көшірмелерін, сондай-ақ мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесін ұсынады.

Ескерту. 7-1-тармақпен толықтырылды, өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 30 наурыздағы N 76 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2010.03.29 № 50 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулыларымен.

3-тарау. Сақтандыру ұйымына ерікті түрде қайта құрылуға рұқсат беру тәртібі туралы

Ескерту: 3-тарау (8-13 тармақтар) алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 129 қаулысымен .

4-тарау. Сақтандыру ұйымына ерікті түрде таратылуға рұқсат беру тәртібі

Ескерту: 4-тарау (14-23 тармақтар) алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 129 қаулысымен .

5-тарау. Қорытынды ережелер

24. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамаларына сәйкес шешіледі.

Төраға

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Ұ л т т ы қ

Б а н к і

Б а с қ а р м а с ы н ы ң

2 0 0 0

ж ы л ғ ы

2 4

м а м ы р д а ғ ы

№ 243 қаулысымен бекітілген
Сақтандыру және қайта
сақтандыру ұйымдарының
құрылтай құжаттарына
өзгерістер мен толықтырулар
енгізу және олардың ерікті
түрде қайта құрылуына және
таратылуына рұқсат беру
тәртібі туралы ережеге
№1 қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Төрағасы
_____ мырзаға

**Сақтандыру қайта сақтандыру ұйымын ерікті түрде қайта
құруды жүргізуге рұқсат алуға
Өтініш**

_____ (өтініш берушінің атауы)
"_____" _____ жылғы №_____
_____ (өткізілген жері)
құрылтай жиналысының шешіміне сәйкес _____

_____ (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының фирмалық атауы,
_____ ерікті
_____ оның мекен-жайы көрсетіледі)
түрде қайта құрылу жүргізуге рұқсат беруді сұрайды.
Сақтандыру қайта сақтандыру ұйымын ерікті түрде қайта
құруды жүргізуге рұқсат алуға берілген осы өтінішті ресімдеуге
құқық берілген уәкілетті тұлға болып табылатын _____
(а т ы - ж ө н і ж әне

_____ аталған өкілеттіктер алу негізіне сілтеме)

_____ (осы тұлғаның атқаратын қызметі және үйінің мекен-жайы)
Құрылтайшылар өтінішке қоса берілген құжаттардың және
ақпараттардың дұрыстығына, сондай-ақ сақтандыру қызметін реттеу

және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға қосымша ақпараттар мен осы өтінішті қарауға байланысты сұратылатын құжаттардың уақытылы тапсырылуына жауап береді.

Қосымшалар (жіберіліп отырған құжаттардың атап көрсетілген тізімі, олардың әрқайсысы бойынша данасының және парағының саны):

_____ (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атынан өтініш беруге уәкілетті тұлғаның қолы, күні, ұйым үшін - құжатты тіркеу күні)

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2000 жылғы 24 мамырдағы
N 243 қаулысымен бекітілген
Сақтандыру және қайта
сақтандыру ұйымдарының
құрылтай құжаттарына
өзгерістер мен толықтырулар
енгізу және олардың ерікті
түрде қайта құрылуына және
таратылуына рұқсат беру
тәртібі туралы ережеге

N 2 қосымша

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Төрағасы
_____ мырзаға

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті түрде
тарату жүргізуге рұқсат алуға
Өтініш

_____ (өтініш берушінің атауы)

_____ " _____ " _____ жылғы N _____
(ө т к і з і л г е н ж е р і)
құрылтай жиналысының шешіміне сәйкес _____

_____ (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының фирмалық атауы,
_____ ерікті
_____ оның мекен-жайы көрсетіледі)
түрде тарату жүргізуге рұқсат беруді сұрайды.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті түрде тарату
жүргізуге рұқсат алуға берілген осы өтінішті ресімдеуге
кұқық берілген уәкілетті тұлға болып табылатын _____
(а т ы - ж ө н і ж әне

аталған өкілеттіктер алу негізіне сілтеме)

(осы тұлғаның атқаратын қызметі және үйінің мекен-жайы)

Құрылтайшылар өтінішке қоса берілген құжаттардың және
ақпараттардың дұрыстығына, сондай-ақ сақтандыру қызметін реттеу
және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға қосымша
ақпараттар мен осы өтінішті қарауға байланысты сұратылатын
құжаттардың уақытылы тапсырылуына жауап береді.

Қосымшалар (жіберіліп отырған құжаттардың атап көрсетілген
тізімі, олардың әрқайсысы бойынша данасының және парағының саны):

(сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының
атынан өтініш беруге уәкілетті тұлғаның қолы,
күні, ұйым үшін - құжатты тіркеу күні)